

ӘОЖ 94 (574-251)

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ – МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫНДА

АННОТАЦИЯ

Қазақстандағы астаналар тарихында ерекше орын алатын Астана (бұрынғы Қараөткел, Ақмола, Целиноград) қаласының құрылуы мен даму тарихы ұлттық мұрағат құжаттары негізінде берілген. Астана қаласының 1996-1997 жылдардан бүгінге дейінгі жаңа тарихы үш кезеңде қарастырылады. Алғашқы кезеңінде жоғары мемлекеттік мекемелер, министрліктер мен ведомстволардың орналасуы, содан кейін орталық мемлекеттік мекемелерді орналастыру процесінің аяқталуы, соңғы кезеңінде Ақмола қаласы мен оның ықпалды аймақтарының одан әрі дамуы қаланың өткен тарихымен сабақтастықта баяндалады.

Кілт сөздер: Тәуелсіздік, мемлекет, ұлт, жаңа астана, елорда, көші-қон, инвестиция, құрылыс, арнайы экономикалық аймақ

Қазақстандағы астаналар тарихында бұрын Қараөткел, Ақмола, Целиноград атанған Астана қаласының орны ерекше. Жаңа астананы салу идеясы негізі 1992 жылы туған. Ол туралы Елбасы: «...Қазақстанның Президенттігіне бүкіл халық болып сайланғаннан кейін, мен Ақмолаға келдім. Есілден көлденең тартылған ескі көпірдің ортасында тұрып, өзенге қарадым. Маған қаланың ортасында ағып өзен жатқан болса, қашанда сол ұнайтын», – дей келіп, – «өзен қалаға ерекше бір көрік береді, мәртебесін көтереді. Мысалы, бізде Жайықтың бойында Атырау, Сырдарияның бойында Қызылорда, Тобылдың бойында Қостанай, Ертістің бойында Семей мен Кереку орналасқан. Ал әлемде қаншама Астаналар ылғи өзен жағасына салынған! Санкт-Петербург – Невада, Мәскеу – өзі аттас өзенде, Париж – Сенада, Лондон – Темзада тұр. Оның үстіне Ақмола Қазақстан мен бүкіл Еуразияның орталығына орналасқанын» жеткізген болатын [1, 335-336 бб.].

Деректерге зер салсақ, Арқа төсіне көшіп келген жылдары Астанадағы тұрғындар саны 290 мыңдай болған [2, 153 б.]. Ал, қазіргі есеп үш еселенді, 800 мыңнан асты. Ішкі көші-қон есебінен бас қаламызға қоныс ауыстырғандар саны 1999 жылдан бастап қарқын алды. Сол жылдары еліміздің түкпір-түкпірінен Елордаға 62 мыңға жуық адам көшіп келген. Биылдың өзінде Астанаға 40 мыңнан астам адам табан тіреген [3].

Астана қаласын өткен тарихтан бөліп қарастыру мүмкін емес. *Ақмола қаласының бірінші өрлеу кезеңі* осы маңайдағы ортағасырлық Бозоқ қаласымен сабақтас. Бұл қала Қыпшақ хандығының астанасы болған. Осы аумақ арқылы XVI ғасырда Сібір-Орта Азия керуен жолы өткен.

«Ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады, ал оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның астанасы – Астана қаласы».

Бозоқ қаласының орны 1998 жылы анықталған. Онда 1999 жылы әйгілі археолог Кемал Ақышев бастаған Есіл археологиялық экспедициясы алғашқы қазба жұмыстарын жасаған. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің К. Ақышев атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры Марал Хабдулинаның пайымдауынша, «Бозоқ» – түркі-оғыз термині. Яғни көне түрік мемлекеттерінің әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауы. Түрік-оғыздың бузук (боз оқ) термині – тесіп өтетін жебе немесе ақ жебе деген ұғымды білдіреді. Сонымен бірге түркі ұғымында «боз» сөзі «боз дала», «ақ селеулі құтты қоныс» деген мағынада түсіндіріледі [4].

Бозоқ қаласы VIII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, бірнеше кезеңдерден тұрады. Ал XIV ғасырдан бастап Бозоқ қаласы Нұра-Есіл аймағының исламданған элиталы рухани орталығы болған [5, 5 б.].

Осылайша, тәуелсіздік жылдарында тарих саласы бойынша жүргізілген іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижесін берді, жаңа тұжырымдар жасалды. Енді астана қаласының хронологиялық мерзімі бұрынғы тарихи анықтамаларда жазылғандай, Астана «қаласының негізін қалаған 1830 жылмен» шектелмейді [6, 20-п.], оның ауқымы кеңейтіліп, орта ғасырлардағы түркі дәуіріне жетті. Бұл кезең жазба тарихымызға да сәйкес келеді.

Екінші өрлеу кезеңі кеңестік кезеңде (1920-1990 жж.) болған. «Өзінің қолайлы географиялық жағдайының арқасында Кеңес өкіметі жылдарында, Ақмола жерінде қаланы одақтың темір жол жүйесіне қосқан және көлік ағынына ілестіріп әкеткен темір жол магистральдары салынды. Бұл өз тарапынан өнеркәсіптің әртүрлі салаларының кең дамуына және Ақмоланың ірі көлік торабына айналуына алып келді. Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери-көлік торабы болды. Экономиканың барлық салаларының дамуына жаңа тынысты «тың дастаны» дарытты. 1961 жылы Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді және Тың өлкесінің орталығына айналды [7, 336 б.]. Осы кезде Ақмола облысының тұтастығын сақтап қалу жолында сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов Орталықпен күресті. Ол Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу туралы Н.С. Хрущевтің әрекетіне талай тойтарыс беріп, «бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсы болды» [8, 186 б.]. Оның кеңестік «империялық» кезеңде туындаған жер дауында Мәскеудегі «біріншіге» ашық қарсыласуы – ел тағдырын шешудегі батыл қадамы болатын.

Үшінші өрлеу кезеңі (1991 ж. – бүгінге дейін) Одақтың ыдырауы мен егемен мемлекетіміздің іргесі қаланған кезеңмен байланысты. Бұл кезең Қазақстан орталығын, қазіргі Астанаға айналған Целиноградқа көшіру, Қазақстан мемлекеттілігі дамуының өзінше бір жаңа кезеңі болды. Астанаға айналғаннан кейін, қала өз тарихының үшінші дәуірін бастады [7, 337 б.].

Астана қалалық мұрағат құжаттары бойынша 1997 жылдың 1 қаңтарында қала халқының саны 277,1 мың адамға жеткен, бұл облыс

халқының 34,7 %-н құраған. Ал, тұрғындардың өсу динамикасы төмендегідей берілген:

Атауы	1959	1970	1979	1985	1991	1997
Ақмола қ. тұрғындары	102,3	181,3	253,3	266,4	288,8	277,1
Халықтың орташа жылдық өсу қарқыны %	-	5,35	3,8	0,85	2,6	-0,7
Тұрғындардың жас ерекшелігі						
0-19	28%					
17-59	63%					
60 және одан жоғары	9%					

Ер адамдардың үлесі 48,3%, әйелдердің үлесі 51,7%. Республикамыз үшін жыныстық арақатынасы қалыпты есептеледі [6, 21-п.].

1998 жылғы мәліметтер бойынша Ақмола қаласының жер аумағы 254 720 гектар (257, 2 шаршы метр) жерге созылып, негізі оң жағалауда орналасқан.

Қаланың өнеркәсібінде құрылыс, тамақ, кәсіпорындар, қала шаруашылығының қызметі, тұтыну тауарлары мен ауыл шаруашылықтық машина жасау өндірісі бар. Кәсіпорындардың басым бөлігі қаланың солтүстік бөлігіндегі өнеркәсіптік аймақта орналасқан [6, 22-п.].

Тәуелсіздік тарихында Астана қаласының маңызды оқиғалары Мемлекет басшысының астананы көшіру туралы идеясын қайта жаңғыртқан 1994 жылмен, Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» тарихи қаулы қабылдаған 1996 жылмен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы қабылданған 1997 жылмен, Астананың ресми тұсаукесері болған 1998 жылмен және ЮНЕСКО-ның шешімімен «Бейбітшілік қаласы атанған 1999 жылмен байланысты айтылады.

1994 жылдың 6 шілдесінде Жаңа астананы таңдау 32 өлшем бойынша жүргені егжей-тегжейлі айтылды. Олардың ішінде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, сейсмикалық жағдай, қоршаған орта, инженерлік және көліктік инфрақұрылымның болуы, әрі оны дамытудың келешегі, құрылыс кешені, еңбек ресурстары және басқа да өлшемдер болғаны негізделді. Елдің стратегиялық мүдделері де алыс болашаққа арнап есептелді [1, 93 б.].

1997 жылы Ақмола қаласының астанасы деп жариялануы «бүкіл мемлекетіміздің дамуының алғашқы қозғаушысы және серпін берушісі болды [9, 95 б.]. Астананы ауыстырған кезде Қазақстанда тұрғын үй құрылысын дамытуға тұтас 50 миллион доллар бөлінді. Жаңа астанадағы 9 шағын аудан осы ақшаға салынған. 1996 жылы Президент жарлығымен

Арнайы экономикалық аймақ құрылды [1, 93 б.]. 1996 жылдың 26 қаңтарында «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес Ақмола Арнайы экономикалық аймағы (1996-1999 жж.), сосын «Астана – жаңа қала» АЭА (2001-2027 жж.) құрылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының құжаттары бойынша еліміздің алғашқы онжылдығында Арнайы экономикалық аймақтардың жалпы саны 9 болған. Олар: Жәйрем-Атасу (Жезқазған облысы), Алакөл, Жаркент (Талдықорған облысы), Лисаковск (Қостанай облысы), «Атакент» еркін сауда аймағы (Алматы қ.), Қызылорда АЭА (Қызылорда қ.), Ақмола АЭА, ол 1999 жылдың 31 наурызынан бастап Астана АЭА болып қайта құрылған [10, 19-20-пп.]. Ал соңғы статистикалық деректер бойынша Қазақстандағы АЭА-дың жалпы саны – 10.

Астана қалалық мемлекеттік мұрағат құжаттарында Ақмола қаласының дамуы 3 кезеңге бөлінеді және олар Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік мекемелерінің Ақмола қаласына көшірілуі және Ақмола қаласының мемлекеттің астанасы ретінде даму бағдарламасына сәйкес келеді. Оның алғашқы екі кезеңіндегі қыруар жұмыстар «сындарлы онжылдықта» орындалды. Ал соңғысындағы ұзақ мерзімге жоспарланған іс-шаралар кешені соңғы онжылдықта іске асырылуда.

Бірінші кезеңде (1996-1997) жоғары мемлекеттік мекемелер, экономикалық, өндірістік және қарулы күштер министрліктері мен ведомстволары орналастырылды.

Екінші кезеңде (1998-2000) орталық мемлекеттік мекемелерді Ақмола қаласына орналастыру процесі аяқталды.

Үшінші кезеңде (2001 жылдан бүгінге дейін) Ақмола қаласы және ірі өндірістік, әкімшілік және мәдени орталықтары ретіндегі, оның ықпалды аймақтарының одан әрі дамуы жүзеге асырылуда. Аталған «Арнайы экономикалық аймақ» тұрғындардың көші-қоны есебінен 2005 жылға дейін халық санын 600 мың адамға көбейтуді көздеген болатын [6, 24 п.]. Бүгінде бұл міндет те шешімін тапты деуге негіз бар.

2012 жылғы мәлімет бойынша, қалада 743 014 адам, 2013 жылғы мәліметтерде 800 мың адам ресми тіркелген. Астана тұрғындары санының өсу динамикасы соңғы жылдардағы халық санақтары бойынша мынадай:

1989 жылы – 281,3 мың адам (санақ)

1999 жылы – 326,9 мың адам (санақ)

2009 жылы – 613,6 мың адам (санақ). Ал, 2013 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, халықтың табиғи өсімі 4 092 адамды, ал көші-қон өсімі 3 384 адамды құрайды [11].

Елбасымыздың сөзімен айтқанда, сол жылдары «Астананы салуға инвестициялар көлемі 2 миллиардтай долларды құраған. Бір атап өтерлігі, соның 70 пайыздайы өзіміздің инвестициямыз» болған [1, 99 б.]. Бұл да үлкен еліміз үшін үлкен жетістік және ұлттық экономикамыздың жарқын бір көрінісі.

Осы ретте айта кетейік, Алматы астана болғанда 50 жыл ішінде, магистральды көлік транспортының қашықтығы мен өндірісті дамытуға қажетті шикізат қорының жоқтығына қарамастан, оның саны 6 есеге өскен [5, 24 п].

Астана қаласы – еліміздің тек әкімшілік орталығы болумен шектелмейді, сонымен қатар азаттық пен ұлттық түлеудің орталығы болып отыр. Шетелдік ресми кездесулер, білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, спорт пен туризм саласындағы маңызды іс-шаралар Астана қаласында өтеді.

Астана – тарихи тағдырлар тоғыстырған өзге халықтардың да мекені. Астана – біздің ортақ шаңырағымыз. Астана – бейбітшілік пен рухани келісім орталығы.

Еуразия жүрегінде орналасқан Астана қаласының жаңа тарихы – бұл тәуелсіздік тарихы, бұл мемлекеттілік тарихы, бұл ұлттық тарих.

Күлпаш Ілиясова
Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Пайдаланылған деректер тізімі:

1. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. Алматы: Атамұра, 2005. 192 б.;
2. Кабульдинов З.Е. История Астаны. Астана, 2007. 200 с.;
3. Астана халқының саны 800 мыңға жетті.«Қазақстан» РТРК АҚ kaztrk.kz;
4. Бозоқтан Астанаға дейін. /baq.kz;
5. Ақышев К.А., Хабдулина М.Қ. Ежелгі Астана: Бозоқ қалашығы. Астана, 2011. 260 б.;
6. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 424-қор, 1-тіз., 19-іс. Программа международного конкурса на эскиз-идею генерального плана развития нового центра города Акмолы (1998 г.);
7. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. Астана, 2007. 372 б.;
8. Дүйсен С., Еңсенов Қ. Жұмабек Тәшенов: Ғылыми басылым / Авт.: С.Дүйсен, Қ.Еңсенов/ Б.Ғ. Аяғанның ред. Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2012. 320 б.;
9. Астана замандастардың көзімен. Астана, 2004. 256 б.;
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағаты. 10-қор. 1-тіз. (қосымша). 5-іс. Протокол №1 заседания коллегии Министерства экономики Республики Казахстан и документы к нему. 14.02.1997;
11. Астана қаласындағы демографиялық жағдай туралы [/http://www.astana.stat.kz](http://www.astana.stat.kz).

Резюме

История развития Акмолы (нынешняя Астана) рассматривается в трех периодах. На первом периоде (1996-1998 гг.) передислоцированы высшие государственные учреждения, министерства и ведомства; во втором периоде (1998-2000 гг.) этот процесс завершен; в третьем периоде (с 2001 года до н.в) на основе архивных документов дана история дальнейшего развития наиболее значимых частей города.

Summary

The history of development of Akmola (present Astana) is considered in three periods. On the first period (1996-1998) the highest public institutions, the ministries and departments are relocated; in the second period (1998-2000) this process is complete; in the third period (since 2001 to N in) on the basis of archival documents the history of further development of the most significant parts of the city is given.